

"Мерхав" фирмасының израильдік технологиясы бойынша ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мен ұқсату жөніндегі жобаларды жүзеге асыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 маусым 1993 ж. N 503

Озық израильдік технология бойынша ауыл шаруашылық өнімін өндіру мен ұқсату және пайдалану жөніндегі жобаларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Маңғыстау облыстарының әкімдері "Мерхав" (Израиль) компаниясымен бірлесіп, 80 млн. АҚШ доллары сомасында Израильдің Апоалим Б. М. банкілері және 30 млн. АҚШ доллары сомасына Италияның Вестдойче Ландесбанкі (Европа) А. Г. ұсынатын кредиттік қаржы шеңберінде жүзеге асыратын ауыл шаруашылық жобалары мақұлданын.

2. Қазақстан Әлем Банкі 1993 жылғы 17 мамырда 80 млн. АҚШ доллары сомасына Израильдің Апоалим Б. М. банкісімен және 1993 жылғы 13 мамырда 30 млн. АҚШ доллары сомасына Италияның Вестдойче Ландесбанкімен қол қойған Кредит Келісімдері мақұлданын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті аталған кредит арналары бойынша 110 млн. АҚШ доллары сомасына кепіл болатындығы қуатталсын.

4. Кредиттің негізгі сомасын және ол жөніндегі ілеспе шығындарды кредит келісімдерінде белгіленген мерзімдерде облыс әкімдері осы кредит арналары шеңберінде өтеуге өздері пайдаланатын сомаға пропорционалды түрде дербес төлейді деп белгіленсін.

5. Облыс әкімдері:

- өнім өндіретін кәсіпорындар мен Экономика министрлігінің келісуі бойынша кредиттік берешекті уақтылы өтеу үшін қажетті ресурстарға арналған экспорт квоталары жөніндегі ұсыныстарды 1993 жылғы 20 маусымға дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізісін;

- кредиттер есебіне жобаларды қаржыландырудың ашылуын қамтамасыз ету үшін 1993 жылғы 20 маусымға дейін Қазақстан Әлем Банкінде барлық қажетті құжаттарды ресімдейтін болсын;

- Қазақстан Әлем Банкінің анықтауы бойынша қажетті қаржыны аталған кредит келісімдеріндегі жалпы сомасы 17 млн. АҚШ долларындағы шарттарға сәйкес аванс төлемдерін және кредитор банкілер мен сақтандыру компанияларына комиссиялықты өтеу үшін кредит арналарына қызмет көрсету жөніндегі Қазақстан Әлем Банкісіндегі N 300741305 арнаулы шотқа бөлетін болсын. Аталған төлемдер 1993 жылдың аяғына

дейін қосымшаға сәйкес мөлшерде жүзеге асырылсын.

Облыс әкімдеріне кредиттерді тиімді игеру және бөлінген кредит бойынша берешекті уақтылы өтеу үшін дербес жауапкершілік жүктеледі деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі аталған кредиттер бойынша берешекті уақтылы және толық өтеу үшін облыстар бойынша белгіленген квоталар шегінде ресурстардың экспорты ресімделуі мен лицензиялар берілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Әлем Банкімен бірлесіп, осы кредит келісімдерін жүзеге асыру үшін облыс әкімдерімен тиісті құжаттарды ресімдеп, кредиттердің уақтылы өтелуін есепке алуды және бақылау қоюды қамтамасыз етсін.

8. "Қазагроөнеркәсіптехника" республикалық бірлестігі

аталған кредиттерді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың үйлестірілуін қамтамасыз етіп, кредит бойынша берешекті өтеуді облыс әкімдеріне жәрдем көрсететін болсын.

9. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 412 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 14 маусымдағы
N 503 қаулысына
Қосымша

"Мерхав" фирмасының контракттарын қаржыландыру үшін (АҚШ долларымен) Вестдойче Ландесбанкпен және Апоалим Б. М. банкімен Кредит келісімдерінің шарттарына сәйкес авансты, сақтандыру жарналары, банкілердің комиссиялықтары мен проценттерін төлеу үшін Қазақстан Әлем Банкісіндегі арнаулы есепшотқа аударылуға тиісті валюта қаржыларын

Бөлу

-----!-----!
Облыстар ! Контракт сомасы ! Аударуға тиісті
! ! валюта қаржысының

	!	! сомасы
Ақмола	11287080	1955000
Алматы	10169895	1759500
Жамбыл	23841160	4131000
Маңғыстау	5419468	935000
Солтүстік Қазақстан	3100000	535500
Торғай	3100000	535500
Оңтүстік Қазақстан	32016034	5542000
Қостанай	6200000	1071000
Қарағанды	3100000	535500
жиыны	98233637	17000000